

БӨЛІМ: ҒИБРАТТЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Кіршіксізді кір еткен не?

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.03.2016ТИРЕК СӨЗДЕР
ғибратты әңгімелерСІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/343/>

Ерлі-зайыпты бір кісілер жаңа пәтерге қоныс аударады. Келесі күні таңертең таңғы асты ішіп отырғанда әйелі терезені нұсқап: «Қымбаттым! Көрші әйелдің жуып жайған киімдеріне қарашы. Кірі ашылмаған, нашар жуылыпты. Шамасы арзан ұнтақ пайдалатын болса керек», — дейді. Әйелі көршінің керілген арқанына жайылған кір киімдерді күн сайын бақылап жүреді. Бір күні таңертең байқаса көршінің киімдері тап-таза! Таңданысын жасыра алмай жаңалықты күйеуіне асыға хабарлайды. Шамасы көршінің әйелі кір жууды үйренген секілді, дейді. Сонда жолдасы: «Мен бүгін сәл ертерек тұрып көптен бері тазаланбаған терезені сүртіп қойғанмын», -дейді байсалды қалпын бұзбай. Осылайша өз бойына қате түсініктерді байқамай қалыптастырып алатын адамдар да бар. Негізі адам өзгелердің іс-әрекеттеріне әділ баға беруі үшін өзінің көңіл терезесін таза ұстау қажет. Әйтпесе шындықты шынайы бейнесінде көре алмай қателеседі.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.